# Кредиттік рейтингтер

ҚМГ кредиттік рейтингтерді инвестициялық деңгейде ұстап тұруға, жоғары кредиттік профилін сақтап тұруға және адал қарыз алушы ретінде компанияның іскерлік имиджін сақтауды қамтамасыз етуге ниетті. 2023 жылы қаржылық тұрақтылыққа қатысты жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде ҚМГ кредиттік рейтингі жоғарылады.

## ҚМГ рейтингтерінің динамикасы

- 2023 жылы 9 наурызда Standard & Poor's рейтингтік агенттігі Компанияның рейтингін «BB+» деңгейінде растап, болжамдыдан «тұрақты» етіп қайта қарады. Бұл агенттіктің Қазақстанға қатысты рейтинг беру қызметін көрсетеді (рейтинг «BBB-» деңгейінде расталды, болжам «тұрақты» болып қайта қаралды).
- 2023 жылы 3 мамырда Standard & Poor's рейтингтік агенттігі мемлекеттік қолдау ықтималдығын «жоғары» деңгейден «өте жоғары» деңгейге көтерді, Компанияның рейтингі өзгеріссіз қалды.
- 2023 жылы 22 маусымда Fitch рейтингтік агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингін «BBB –»-дан «BBB»-ға дейін көтерді, дербес кредит қабілеттілігі рейтингінің жоғарылуы негізінде болжам «тұрақты». ҚМГ рейтингі Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингіне тең.
- 2023 жылы 13 желтоқсанда Moody's рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «Baa2» деңгейінде растады, болжам меншікті кредит төлеу қабілеттілігі рейтингісінің жоғарылауы аясында «позитивті» болып қайта өзгерді. ҚМГ рейтингі Қазақстан Республикасының егеменді рейтингісіне тең.
- 2023 жылы 26 желтоқсанда Standard & Poor's рейтинг агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін BB+ деңгейінде растап, меншікті кредит қабілеттілігі рейтингін «BB-»-ден «BB»-ге өзгертті.

### ҚМГ кредиттік рейтингтері

| Moody's | S&P | Fitch |
|---|---|---|
| Baa1 | BBB+ | BBB+ |
| **Baa2 («жағымды»)** | BBB | **BBB («тұрақты»)** |
| Baa3 | BBB– | BBB– |
| **Инвестициялық деңгейі** | | |
| Ba1 | **BB+ («тұрақты»)** | BB+ |
| Ba2 | BB | BB |
| Ba3 | BB– | BB– |

### Қазақстанның егеменді рейтингтері

| Moody's | S&P | Fitch |
|---|---|---|
| Baa2 («жағымды») | BBB– («тұрақты») | BBB («тұрақты») |

Толық ақпарат «Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде берілген.

# 2023 жылдың басты қаржы көрсеткіштері [1]

**Түсім,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




**EBITDA көрсеткіші ,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




**EBITDA түзетілген көрсеткіші,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




**Таза пайдасы,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




**Бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




**Еркін ақша ағымы,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




**Жалпы қарыз,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




**Таза қарызы,** **млн АҚШ доллары (млрд теңгемен)**




[1] Сомалар ыңғайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2022 және 2023 жылдардағы орташа бағам бір АҚШ долларына шаққанда тиісінше 460,23 және 453,21 теңгені құрайды; 2022 жылғы 31 желтоқсанда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда – кезең соңындағы бағам АҚШ долларына шаққанда тиісінше 462,65 және 454,56 теңгені құрайды).